

Тақырыбы: Орта және шағын бизнесті ұйымдастыру.

Жоспар :

1. Орта және шағын бизнестің нарықтық экономикада атқаратын рөлі.
2. ҚР-да кәсіпкерліктің ахуалы мен дамыту мәселелері.
3. ҚР-ғы кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламалары.

Нарықтық жағдайларда тек ірі кәсіпкерлікпен ғана айналысуға болады, орта және шағын кәсіпкерлік өмір сүруге қабілетсіз деген пікір бар. Тарих көрсетіп отырғандай, шындығына келгенде, шағын бизнес ірі бизнеспен табысты түрде бәсекелесуде, себебі ол дағдарыс жағдайларында анағұрлым икемді, анағұрлым ұтқыр, анағұрлым тұрақты болып келеді және үнемі түрде дамып отыруға қабілетті.

Өткен ғасырдың **70-ші жылдары** тіпті мынадай формула танымал болатын: **«Шағын нәрсе тамаша!»**. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының мәліметтері бойынша әлемдік экономикада шағын кәсіпорындардың саны барлық кәсіпорындардың жалпы санының **95%-нан** асады.

Біздің еліміз үшін шағын бизнесті дамыту – ең бір басты міндеттердің бірі. Шағын бизнес жұмыссыздықтың азаюына, нарықты отандық тауарлармен және қызметтермен толықтыруға мүмкіндік.

Соңғы жылдары кәсіпкерліктің даму қарқынының жоғарылығына қарамастан, экономиканың осы секторының сапалы дамуына тежеу болып отырған біраз проблемалар бар. Атап айтқанда:

– заңнамалық базаның жетілмегендігі – жеке кәсіпкерлік туралы заңнама нормалары ескірген. ШОБ дамыту мәселелері бойынша нақты норма жоқ, бұл әкімшілік тосқауылдардың көбеюіне және қолданыстағы заңнаманың екі түрде түсіндірілуіне алып келеді;

– кәсіпкерлік субъектілерін анықтау проблемалары – кәсіпкерлік субъектілерін шағын және орта бизнес санатына жатқызу өлшемдері әлемдік іс-тәжірибеге сай емес. Олар бизнестің табиғи «ұсақталуына» жол береді, отандық кәсіпкерлікті қолдау шараларының тиімділігі мен оның бәсекелесу қабілетінің төмендеуі орын алады;



– әкімшілік тосқауылдар – әкімшілік тосқауылдардың болуы шағын және орта бизнестің дамуы үшін елеулі кедергі болып табылады. Алайда оларды кешенді түрде талдау аталған проблеманы барынша тиімді шешудің жолы болып табылады;

– кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының әлсіз және жарым-жартылай дамуы – Қазақстанда орын алған ШОБ қолдау инфрақұрылымы шағын және орта бизнестің кешенді қолданылуын қамтамасыз етпейді және жоғары транзакциялық шығындардың болуына себепші болады;

– шағын және орта бизнес өнімінің бәсеке қабілеттілігінің төмендігі – тұтастай алғанда ШОБ секторының қормен жарақтандырылу деңгейінің жеткіліксіздігі, тозу деңгейінің жоғарылығы және негізгі қаражаттың жеткіліксіз жаңартылуы, сондай-ақ технологиялылығының төмендігі шағын және орта бизнес өнімінің экономикалық тиімділігін және бәсекелесу қабілетін төмендетеді;

Қазақстанның тәуелсіздік алған кезінен бастап кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралар тарихын мынадай кезеңдерге бөлуге болады:

- 1. Бірінші кезең – 1992-1994 жылдар аралығы;**
- 2. Екінші 994-1996 жылдар аралығы;**
- 3. Үшінші кезең – 1997-2000 жылдар аралығы;**
- 4. Төртінші кезең – 2001-2003 жылдар аралығы;**
- 5. Бесінші кезең – 2004-2007 жылдар аралығы;**
- 6. Алтыншы кезең – 2008 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін.**

Кәсіпкерлік топтарын белсенді қалыптастыру үшін қажетті жағдай туғызу мақсатында, сонымен қатар республикада экономикалық реформаның сенімді әлеуметтік базасын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту жөніндегі **1994- 996 жылдарға** арналған Мемлекеттік бағдарлама әзірленіп, қабылданды. Шағын кәсіпкерлікті өнеркәсіп секторын әртараптандырумен бірге дамыту **«Қазақстан – 2030»** Стратегиясының бірден-бір негізі болып табылды.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі болатын алдыңғы кезеңдегі проблемаларды болдырмау, және мемлекеттің қол жеткізген оң беталыстарын бекіту мақсатында, **1997- 2000 жылдар** аралығында мынадай шаралар жүзеге асырылды:

1. «Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды және жандандыруды күшейту шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3398 Жарлығы қабылданып, ол шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту шараларының мәртебесін мемлекеттік экономикалық саясаттың басым саласымен ресми түрде бекітті және жүзеге асырылатын шараларды, бірінші кезекте, халықты жұмыспен қамтамасыз етуге, олардың әлеуметтік проблемаларын шешуге және еңбек белсенділіктерін арттыруға, тұтыну нарығын көптеген тауарлар мен қызметтердің түртүрімен толтыруға жолдады.



2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1997 жылғы 26 сәуірде Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құрды («Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 қаулысы)
3. Шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды, ол мемлекеттік қолдаудың, атап айтқанда, нарықтық экономикадағы оның ерекше рөліне байланысты, шағын бизнесті қолдаудың басты бағыттарын белгілеп берді. 2001 жылы Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі 2001-2002 жылдарға арналған кезекті Мемлекеттік бағдарлама қабылданды.

Мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «**Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері**» атты 29.01.2010 ж. Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасын орындау үшін, Қазақстан Республикасы Үкіметі 13.04.2010 ж. «**Бизнестің жол картасы 2020**» атты Кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын әзірлеп, бекітті. Бағдарламаның мақсаты экономиканың шикізат емес секторларындағы аймақтық кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, жұмыс істеп тұрған жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңа жұмыс орындарын ашу болып табылады.

«Бизнестің жол картасы 2020» Бағдарламасын іске асыру кәсіпкерлікті қолдаудың үш бағыты бойынша жүзеге асырылады.

Біріншіден, бизнестің жаңа бастамаларына қаржылай қолдау, яғни аймақтарда жаңа заманауи кәсіпорындар құрылатын болады.

Екіншіден, кәсіпкерлік секторды сауықтыру, яғни дағдарыс кезінде қаржылық қиыншылықты басынан өткізген, қазір жұмыс істеп тұрған бизнес-ке қолдау көрсету.

Үшіншіден, экспортқа бағдарланған өндірістерге қолдау көрсету, яғни өнімдерін сыртқы нарыққа шығаратын кәсіпкерлерді қолдау.

*Назарларыңызға
рахмет !!!*